

**Актанова Шолпан Советовнаның «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбындағы 6D020500 – Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына**

**ПІКІР**

Қазіргі қазақ әдебиеті зерттеулерінің ішіндегі кенжелеу зерттеліп жатқан сала салыстырмалы әдебиеттану болса, теориялық мәселелерден әдебиеттанудағы концептілік категориялар болып отыр. Диссертацияда осы екі мәселе қарастырылған.

Әлемге танымал екі классик жазушының шығармаларындағы табиғат пен адамға қатысты концептілік категориялар салыстырыла талданған.

Жазушылардың шығармашылық әлемі мен дүниетанымы нақтылы мысалдар арқылы сараланып берілген. Диссертацияның кіріспе бөлімінде өзектілігі мен мақсат міндеттері, әдіснамалық негіздері ғылыми жұмыс талаптарына сай орындалып берілген.

Диссертацияда М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Қаралы сұлу», «Оқыған азамат», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Көксерек», «Абай жолы», «Қилы заман» т.б. туындылары мен Э. Хемингуэйдің «Шал мен теңіз», «Килиманждаро – қарлы тау», «Жаңбырдағы мысық», «Қош бол, майдан!», «Фиеста» (Күн де көтеріледі) деген шығармаларындағы адам мен табиғат концептілері жазушылық таным мәселесімен ұштасып және көркемдік ерекшеліктері салыстырыла отырып талданып берілген. Сонымен қатар, жеке адамдардың психологиялық ерекшеліктерін салыстыра отырып, туындылардың көркемдігін табиғат құбылыстарымен байланыстыра талдап, детальдар арқылы олардың ашылуын көрсеткен.

Талдаулар арнайы кестелерге салынып, нақтылы және дәл мысалдар арқылы берілуі де диссертациялық жұмыстың құндылығын арттырып тұр.

Жалпы диссертациялық жұмыстың маңыздылығы М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларында суреттелген қоғамдағы рухани-адамгершілік мәселелер кейіпкер әлемінің рухани экологиясы негізінде жалпы адамзаттың өсу жолын айқындап, нақтылы талаулар арқылы және тұжырымды пікірлер арқылы берілуінен көрінеді. Диссертант қорытынды бөлімде қос қаламгер шығармаларындағы танымдық арнаның ерекшеліктерін нақтылы түйінді тұжырымдармен дәлелдей отырып саралап берген.

Актанова Шолпан Советовна «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбындағы диссертациясы үшін «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Пікір білдіруші:**

**Ш.Уәлиханов**

**ағылдағы Көкшетау университетінің  
қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к. І.Ж.Кажобаева**

